

## Қымбат металдар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 7 ақпандағы N 42

Алтын құймаларына Қымбат металдардың Лондон рыногы ассоциациясының халықаралық белгісін алу мақсатында:

1. "Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясы, "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып, "Rothschild & Sons Limited" Банкісімен (Ұлыбритания) Қымбат металдардың Лондон рыногы ассоциациясында алтын құймаларды аттестациядан өткізу бойынша жұмыстар жүргізу жөнінде контракт жасасын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жалпы салмағы 126 кг құйма және сынама алтынды сыртқа әкетуге рұқсат берілсін.<\*>

Ескерту. 1-тармақтың екінші абзацына өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.17. N 141-ө Өкімімен.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жалпы салмағы 126 кг құйма және сынама алтынды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің "Rothschild & Sons Limited" Банкісіндегі металл шотына кейіннен аттестациядан қалған алтынның мөлшерін салатын етіп әкетуге лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне алтынның көрсетілген мөлшерін оның Лондонға жөнелтілу шамасына қарай алдын ала төлем жасау ұсынылсын. Түпкілікті есеп айырысу алтынның қалған мөлшерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қалған мөлшерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің "Rothschild & Sons Limited" Банкісіндегі металл шотына есептелгеннен кейін жасалсын.

Аттестацияға жіберілген алтын "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы мен "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының Ұлттық Банктің алдындағы қымбат металдар жөніндегі шарттық міндеттемелерін орындау есебіне ж а т қ ы з ы л с ы н .

4. Тасымалдау, сақтандыру, аттестациялау жөніндегі шығыстар "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының есебінен өтелсін.

Премьер-министр